



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2024 жылғы 24 қыркүйек

KASE, Citibank N. A. және Ұлттық банкпен бірлесіп Лондон қаласында "Kazakhstan Local Currency Bond Market" конференциясын өткізді

2024 жылғы 23 қыркүйекте Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі – Биржа, KASE) және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Citibank N. A. қолдауымен Лондон қаласында (Ұлыбритания) "Kazakhstan Local Currency Bond Market" тақырыбында конференция өткізді.

Іс-шаран шетелдік инвесторларды қазақстандық қор нарығына, бірінші кезекте мемлекеттік бағалы қағаздар нарығына тарту мақсатында ұйымдастырылды.

Конференция барысында Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштері, нарық құрылымы және оның болашағы туралы толық ақпарат берілді. Атап айтқанда, спикерлер Қазақстандағы макроэкономикалық перспективалар мен инвестициялық мүмкіндіктерді талқылады.

Іс-шараның кіріспе сессиясы осы мәселелерге арналып, тақырыпты келесі қатысушылар қарастырды: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Әлия Молдабекова, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Арман Қасенов, Amundi компаниясының дамушы нарықтар бөлімінің жаһандық басшысы Ерлан Сыздықов, Ashmore жаһандық зерттеулер бөлімінің басшысы Густаво Медейрос. City жаһандық экономика жөніндегі директоры Мишель Нис талқылаудың модераторы болды.

Екінші сессияда іс-шараға қатысушылар жергілікті қор нарығының өтімділігі мен инфрақұрылымын жақсарту мәселелерін, сондай-ақ қазақстандық облигацияларды ұлттық валютада орналастыру шеңберінде халықаралық инвесторлардың қатысуымен болатын жағдайды қарастырды. Бұл сессияға баяндамашылар ретінде Қазақстан Ұлттық банкінің Монетарлық операциялар департаментінің директоры Нұржан Тұрсынханов, ЕҚДБ қаржыландыру тобы директорының көмекшісі Азиз Джураев, "Қазақстан бағалы қағаздарының орталық депозитарийі" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Еділ Медеу, Citi Kazakhstan маркетинг бөлімінің басшысы Егор Мирошников, Clearstream жаһандық нарықтарының атқарушы директоры Ян Виллемс қатысты. Сессияның модераторы болған KASE Басқарма Төрағасы Алина Алдамберген өз кезегінде іс-шараға қатысушыларға Қазақстанның биржалық нарығы, оның құрылымы мен көрсеткіштері туралы егжей-тегжейлі презентация ұсынды.

Іс-шара Citibank N. A. (Citigroup негізгі банк бөлімшесі) қолдауымен ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасында Citigroup қазақстандық мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының (МБҚ) ірі қатысушыларының бірі және кастодиан болып табылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нарығына шетелдік инвесторларды тартуда неғұрлым белсенді позицияны иеленетін "Ситибанк Қазақстан" АҚ атынан өкілдік етеді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ деривативтер үшін әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" – Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237-53-42, pr@kase.kz.